

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Еспенова Айгерим Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысына

ШҚІР

«Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» деп аталады диссертацияны қазақ өнертану ғылымына келіп қосылған тың ғылыми жұмыс деп есептеуге болады. Диссертацияға қатысты зерттеу материалдары әдістемелік тұрғыдан дұрыс пайдаланылған. Әрбір бөліміндегі талдаулардың ішкі логикасы бір-бірімен сабақтасып, өзара байланысқан. Ізденістің қол жеткізген нәтижелері отандық ғылымның өнер теориясы мен тарихының зерттелу жүйесінің дамуына орынды ықпалын тигізері сөзсіз.

Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелерін арқау еткен зерттеу жұмысы мемлекеттік бағдарламалардың аясынан ауытқымай, сонда көрсетілген басты талаптарға жауап береді. Демек, қазақ мәдениетінің аса маңызды саласы ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің бүгінгі даму бағытын ғылыми тұрғыдан саралау зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Жұмыстың құрылымы жүйелі, ғылыми және теориялық негіздемелері дәлелді, жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидалары бар жұмыс. Алға қойылған мақсаттары мен міндеттері ғылыми тұрғыда толық түйінделген. Диссертациялық зерттеу сауатты жүргізілген, диссертанттың баяндау тәсілі жүйелі және түсінікті ғылыми тілде жазылған.

Зерттеу жұмысында келтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатта жұмылдыра отырып дәйектелген. Мәселені жаңа деңгеге көтеру ұстанымдары, қол жеткізген нәтижелерді айқындауы, көркемөнер теориясына қатысты тың байламдарды саралай талдауы мен ішкі бірлігі үйлесімді сабақтастықта көрінеді.

Ізденуші тұжырым жасауда теориялық материал мен практикалық материалды ұтымды ұштастыра білген. Әрі ғылыми тұжырымдары жаңашылдығымен, ой өткірлігімен көзге түседі.

Ізденуші А.Т. Еспенованың диссертациялық жұмысының кіріспе бөлімінің ғылыми теориялық және әдіснамалық ұстанымдары нақты. Әсіресе, зерттеудегі қорғауға ұсынылған тұжырымдары бүгінгі заманауи сәндік-қолданбалы өнер үдерісіндегі жаңалықтар мен жағдайын ғылыми тұрғыда

пайымдалуымен құнды. Қорыта айтқанда, жұмыс толық аяқталған Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Диссертациялық кеңесінде қолғауға лайық деп есептеймін. Диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай орындалған жұмыс деп есептеймін.

Пікір білдіруші,

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты
Almira_kalieva.8@mail.ru



Қалиева А.Қ.

А.Қ. Қалиева қолын
растаймын к/б. аға инспекторы
«12» 06 2012 ж. Подпись *AK*